

Индер аудандық мәслихатының 2023 жылғы 27 қыркүйектегі № 39-VIII "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне толықтыру енгізу туралы

Атырау облысы Индер аудандық мәслихатының 2024 жылғы 9 ақпандағы № 73-VIII шешімі. Атырау облысының Әдiлет департаментінде 2024 жылғы 9 ақпанда № 5128-06 болып тіркелді

Индер аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Индер аудандық мәслихатының 2023 жылғы 27 қыркүйектегі № 39-VIII "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5085-06 болып тіркелген) келесі толықтыру енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасында:

мынадай мазмұндағы 5-1 тармақпен толықтырылсын:

"5-1. Мереке күніне әлеуметтік көмек бір рет жан басына шаққандағы орташа кірісі есепке алынбай ақшалай төлем түрінде келесі санаттағы азаматтарға көрсетіледі:

15 ақпан 2024 жылы - Ауғанстан Демократиялық Республикасынан Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентінің шығарылған күніне 35 жыл толу мерекесіне:

1) оқу жиындарына шақырылған және Ауғанстанға ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезеңде жіберілген әскери міндеттілерге – 150 000 (жұз елу мың) теңге мөлшерінде;

2) Ауғанстанға ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезеңде осы елге жүк жеткізу үшін жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілерге – 150 000 (жұз елу мың) теңге мөлшерінде;

3) бұрынғы КСР Одағының аумағынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмалармен үшқан ұшу құрамының әскери қызметшілерге - 150 000 (жұз елу мың) теңге мөлшерінде;

4) Ауғанстандағы кеңестік әскери контингентке қызмет көрсеткен, жарақат, контузия алған немесе мертіккен не ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған жұмысшылар мен қызметшілерге - 150 000 (жұз елу мың) теңге мөлшерінде.".

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2024 жылдың 1 ақпанынан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таралады.

*Индер аудандық  
мәслихат төрағасы*

*A. Рамазанов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК